

2022 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан осы, 2022 жылға дейін Америкада алты президент ауысты - Үлкен Джордж Буш, Билл Клинтон, Кіші Джордж Буш, Барак Обама, Дональд Трамп және Джо Байден. Бұған қоса биліктегі партиялар да алты рет ауысты.

Егер партиялар жиі ауысып тұрса, партиялар бір-бірімен бәсекелессе елдің әл-ауқаты артады, жалақы мен зейнетақы өседі, мемлекет тез дамып әлемнің алдыңғы қатарлы республикаларының қатарына қосылады. Саяси конкуренция бар ортада партиялар шынығады, күшейеді. Конкуренция жоқ ортада партиялар дамымай көштен қалады, оның мүшелері өнкей ынжық, парақор не ез болады.

Мысалы кешегі КПСС өзі ғана 70 жыл билікте болды, талай жылдар бойы Кеңес Одағында бір ғана партия бар болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін КПСС өзге партиялармен бәсекеге түсе алмады. Себебі талай жылдар бойы билікте болып, заманауи технологиялардан, жаңа тәсілдерден жұрдай болды. Заман ырғағына бейімделе алмай көштен қалып, жоқ болды, ұмытылды.

Кейбір елдерде мемлекет басшысы ауыспайды. Мысалы Англияны 70 жыл бойы Елизавета ханшайымы, королевасы билеп отыр. Бірақ оның қол астындағы партиялар, премьер-министрлер, әкімдер жиі ауысып тұрады.

Егер біреу өз орнынан кеткісі келмесе, осы Елизавета сияқты королева боп отырсын. Тек парақор министрлер, білімсіз әкімдер, надан депутаттар орнынан кетсін. Білімділерге жол берсін.

Және жалақы, зейнетақы, пособия, шәкірт ақы жыл сайын инфляциядан қалмай арта берсін!

Ақтаудағы митинг

Ақтау қаласы мұнайлы Маңғыстау облысында орналасқан. Мұнай өндіретін компанияларда жалақы мөлшері жоғары. Бірақ елдің барлығы бұндай жерлерде жұмыс істемейді. Елдің барлығы бай нефтяниктер емес. Мысалы қалада бар дүкендерде, шаштараздарда, кафелерде British Petroil-дағыдай төлемейді.

Ал азық-түлік, киім, жеміс-жидек, көкөністер, құрылыс заттары және басқаларының бағасы өзге өңірлерден гөрі бұнда біраз жоғары. Себебі облыс шөлейтті аймақта орналасқан, бір жағында Қызылқұм бір жағында Қарақұм, бұнда көлдер аз, жауын шашын аз. Осы себепті Маңғыстау азық-түліктің барлығын дерлік өзге өңірлерден тасымалдауға мәжбүр.

Шымкент қаласында жаңармай бағасы 10% ал алма бағасы 10% пайызға артса, Маңғыстауда алма бағасы $10\% + 10\% = 20\%$ артады. Себебі Шымкенттен алманы жеткізу үшін жаңармай керек.

Сондықтан қымбатшылыққа қарсы бағытталған митингке, ереулге ең әуелі осы облыс бірінші боп шығады. Ғылыми, эконимкалық себебі осы.

Не істеу керек?

Ең әуелі логистиканы дамыту керек. Маңғыстау қазақ жерінің өзге облыстарымен қатынасы аз, жалғыз тұрған аралдай болмасын, өзге өңірлер оны қолдап қол ұшын берсін. Осы өлкеге баратын поездардың саны артсын, жүк поездардың тарифы азайсын, жолдар жөнделсін.

Оған қоса азық-түлікті сақтайтын қоймалар саны артсын. Күзде арзан бағамен көкөніс пен жеміс-жидектерді сақтап алып, қыста арзан бағамен сату керек. Көп мөлшерде, тонналап. Сонда қысқа қарай баға артпайды.

Бұны митинтер болмасын деген ниетпен емес, еліміздің азаматтарына қамқор болу ниетпен жасау керек!

Алыстағы Маңғыстауым, алыстағы мақтанышым!

Сенімен бірге күлеміз, сенімен бірге өлеміз!

Пәтер ақысы

Баяғы Кеңес Одағы заманында қазақты қалаға жолатпады. Көбінесе өзге ұлттарға қалада пәтер берген, ал қазақ ауылда қалды. Сол заманның саясаты бұндай еді. Рас қазақ министрлер, депутаттар бар еді. Бірақ бұлардың бәрі дерлік Мәскеудің айтқанынан шықпады.

Мәскеуден Саша мен Маша келіп осыларға не десе, солай жасаған. Қаланың қазағын орыстандыру да ойластырылған.

Кейін тоқсаныншы жылдары Кеңес Одағы құлап, ауылдағы жағдай, ахуал нашарлай бастады. Ел ауылдан қалаға көше бастады. Бірақ мемлекет бұншама адамға қалада пәтер сала алмады. Елде он жылға (2000 жылдардың басына дейін) созылған экономикалық кризис басталды.

Сөйтіп ауылдан келген қазақ қалада пәтер жалдап квартирант боп қалды. Пәтерге

сұраныс артқандықтан оның бағасы шарықтай түсті.

Алғашында қазақтар жер алып үй салды. Бірақ бұл да соңғы жылдары бәсендей қалды. Себебі бар жерлерді ақшасы барлар, депутаттар, әкімдер өздеріне меншіктеп алды.

Мысалы кешегі В. Храпунов әкім болғанда Алматының талай жерін сатып, зор пайда тауып шетелге қашты, бұ заманда ол Швецарияның ең бай азаматы, Женевада круассан мен фондю жеп отыр.

Қазір Алматы қаласының маңындағы құр жердің өзі қаланың қақ ортасында орналасқан үйден қымбат. Себебі иелері бөленбай жылдан кейін жерді қымбат бағаға сатамын деп бағасын түсірмей тұр.

Жерге салынған салық мөлшері күлкілі болғандықтан олар бұны істейді. Біреу 10 жыл бойы, біреу 20 жыл бойы жерді уысында ұстап тұр. Дубайдың шейхындай бай келіп менің жерімді сатып алады деген ниетпен.

Бұл кеселдің емі қандай?

Бұрынғы ауыл-шаруашылық министрі Момытбеков талай жыл бойы пайдаланбай жатқан жерлерге салықты көбейту керек деп өткен жылы телевизордан хабарлаған, қазір тиісті заң жобасы дайындалып жатқан да шығар.

Ай сайын бір сөтке үшін 3000 тенге, 5000 тенге төлесе жер иелері салықты төлемеу үшін телімдерді, уысында талай жыл ұстамай, сатуға бейім болады деп те бір жерде жазылған, депутат па министр ме әйтеуір біреу айтқан сияқты.

Сөйтіп жер телімдердің бағасы бірден құлдырайды деп те болжанған. Бұл барлығымызға керек дүние деп те айтылған. Халықпен бірге құрылыс компаниялары да жерге тапшы. Оған қоса шетелдің инвесторлары шаһарларымызға қаржы құя бастайды.

Әйтпесе Алматы маңындағы жерлерде кішігірім зауыт, фабрика, цех салу мүмкін емес. Бір-екі гектар жердің бағасы цехты салу үшін керек қаржыдан артық.

Жермен қоса үй салу үшін пайызы төмен несие керек. Бұны да халыққа беру керек, миллиардер шаруаларға субсидия берілгендей. Жаңа аудандарда әкім ширақ қозғалып, су, тоқ, газ, интернетті тез жеткізуі керек. Орталықтан кем болмасын дегендей.

Әйтпесе қазір қалын қазақ біреудің пәтерін жалдап тұр, хозыяқаға тәуелді боп тұр. Қазақстан тәуелсіздік алғанмен, бұлар бұның игілігін көрмей тұр.

Исатай мен Махамбет көтерілісі

Баяғыда Кіші жүздің батыс бөлігінде орын тепкен Бөкей ордасында Жәңгір деген қатал хан бопты. Қазақ даласында алғаш боп - музей, аурухана, банк салған хан. Осы мақсатқа қаржы табу үшін салықты көбейтіп, шаруалардың жерлерін байларға сатқан, елден мыңдаған мал жиған.

Халық кедейленді, ел арасында ханға деген наразылық пайда болды, талай жерлерде неше түрлі сыбыстар айтылған. Ақырында ел боп көтерілді, көтерілісті Исатай мен Махамбет бастады. Хан төлеңгіттері мен халық арасынан шыққан жасақ талай рет шайқасып, бірінің қаның бірі ағызды. Қазақ, қазақты қырды.

Хан әскерінің тас талқаны шықты. Жәңгір, көмектес деп, орыстың Николайынан көмек сұрады. Орыспен бірігіп хан әскері әрен дегенде жеңді. Батыр Исатай мерт болып Махамбет жалғыз қалды. Сондағы жазғаны:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айрылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!

Ел қорғаны мен едім.

Мен де айрылдым елімнен;

Көл қорғаны сен едің,

Сен де айрылдың көліңнен.

Аспанда ұшқан қызғыш құс!

Сені көлден айырған -

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған -

Хан Жәңгірдің екпіні.

Айтып - айтпай немене,

Құсарлықпен өтті ғой,

Махамбеттің көп күні!

Жәңгір ханның әмірі қатал болды. Өзіне жақпаған би мен ақындарды айдауға жіберіп отырған. Халықтың мұн-мұқтажын білмей, елге сәнді сарайлар салған, елге керек пе деп жұртпен санаспай. Көппен пішкен тоң, келте болмас дегендей, бұрынғының хандары - Абылай, Тәуке сияқты елмен кенеспеген.

Осы араздықты ақ патша Николай шебер пайдаланды. Көне Румдықтар елді бөлде, биле дегендей.

Әуелі Жәңгірдің көмегімен Исатай мен Махамбеттен және оларға ерген батырлардан құтылды, хан қайтыс болғаннан кейін тұқымын да құртты. Сөйтіп Бөкей хандығы жойылып Еділ мен Жайық арасы орысқа қарап қалды.

Ханға еріп халыққа қол көтерген төлеңгіттер, хандық жойылғаннан кейін не Сібірге айдалды, не мерт болды. Тірілері губернаторға малай, шваль боп жүрді. Издрасти ваче благодардие деп.

Соғыс сиренасы

Алматыдағы көтеріліс біткеннен кейін, мен үйде морттай ұйықтап жаттым. Себебі бұған дейін бірнеше күн бойы талай жерге бардым, талай ел көрдім дегендей, шаршап, қалжырап кеттім.

Кенеттен зор дауыспен сирена айқайлай бастады және бір иіс пайда болды. Шаршағаннан ба, өмірімде бұндайды сирек көргенімнен бе, әлде ана иістен бе әйтеуір маған осы көлікте отырған адамның, тараңдар, үйлеріне қайтындар дегенінің орнына, тарихтан белгілі Гитлердің дауысына ұқсас дауыс естілді:

"Швайне-шошқалар, қайдағы митинг, Украинаның бар байлығы менікі, бар көмірі, бар наның мен алам, сендер болсандар ашығып өліңдер".

Бір сәтте пайда болып, бір сәтте көлік бұрылып жоқ болды. Болды ма? Болмады ма? Әйтеуір басым қатты ауырды.

Тәңертен оянып тұрсам басым әлі де қатты ауырып тұр екен. Далаға шығып біраз жүрдім. Алдымда нан кезегінде тұрған оншақты адамды көрдім, кенеттен жарылыс пайда болды, сөйтсем екі бала ойнап адамдарға бомбочканы лақтырыпты. Бомбочка кезектегі адамдардың жаңында жарылды, бір апа астапыралла деп басын шайқады.

Ана балалар өздігінен жылап қалды, бомбочканы тұтандырғанда оның ішінен шоқ шығып күрткелерін дақ қылды. Ойбай анам өлтіреді, ұста деп айттым ғой деп екеуі жылап қалды. Отпен онама дегені осы.

Осы бомбочканың жарылысынан басымның ауруы қойды.

Көтеріліс аяқталғаннан кейін, жұмысқа барсам, кеңседе ешкім жоқ екен, сөйтіп один в офисе болдым, үлкен әрі шаңырағы биік коридорларда, кенселерде күзеттен басқа өзгелер жоқ еді.

Далада кездескен елдің көзінде үрей, бір-біріне сескеніп қарайды. Сондықтан мен далада жүргенде, Жаңа Жылдарыңызбен, С Новым Годом деп бәрін құттықтап жүрдім. Сіз де, бір-біріңізді құрметтеңіз, қолданыз!

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

Ақ патша қазақтармен кенеспей шаруаларды алыстағы соғысқа жібере бастады. Байдың баласын жібермей, кедейді айдады. Бұған халық қарсы болып көтеріліске шықты.

Ел арасында талай батырлар пайда болды, жерін, Отаның сүйетін ғазиз жандар, баршаға таныс өлеңіндегідей:

Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтеліге доп салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жаурын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,

Ерлердің ісі бітер ме?

Көтеріліс бір мезетте бүткіл елде бұрқ етіп шықты. Жан-жақтан көтерілісшілер, ақ патшаға жағымпаз болып, елді қанаған болыстарға, парақор аға-сұлтандарға жабылып мерт қылды.

Сондай басшылардың көбі, Бейімбет Майлин айтқандай: "Неліктен халыққа жау болдым? Неліктен елге игілік әпермедім деп өкінішпен өлді".

Көп ұзамай, ақ патша құлап, оның ұрпағы қырылды. Елге жауыз болған патша өзі де өлді.

Тиімді іріктеу

Қазақ талантқа бай ел. Бірақ кішіге жол беру мәселесі де бар. Не бір білімді, не бір ақылды жастар, Қазақстанда орын таба алмай шетелде танылады. Әлемге атақты бола қалады.

Мемлекеттік қызметкерлер арасында да бұндай жәйттар бар. Біреу он жыл бойы бар күшін салып, ерінбей еңбектеніп, халыққа қызмет етіп жүрсе де специалист атағынан аспайды, ал біреу келмей-ақ бастық боп қалады.

Негізінен балдық жүйені орнату керек сияқты. ҰБТ-дағыдай. Мысалы ауылға әкім су тартса, 10 бал, тоқ қосса 15 бал. Сөйтіп бір жыл ішіндегі оның балы есептелінсін. Жыл соңында облыс бойынша қай әкім ең көп бал алса, соның шені жоғарласын, мысалы ауыл әкімдігінен аудан әкімдігіне жоғарласын.

Ауданда да жұмысы нәтижелі болса әкім облыс деңгейіне көтерілсін. Және бұндай жүйені онлайн жасау керек. Мысалы Сергек, ҰБТ сияқты, яғни адам араласа алмайтындай етіп. Біреу өзінің адамын енгізе алмас үшін.

Әйтпесе, субъективті факторлар да бар. Мысалы баяғыда сен мұғалімге ұнамасан ол саған жоғары баға қоймай қалуы мүмкін еді, 4 пен 5 ала алмай жүресін. Ал ұнасан, бағанды асыра қоятын.

Қызметкерді де жоғарлатуға ұсынатын да адам, басшы. Қаласа дәреженді көтереді, қаласа өмір бойы простой рабочий боп жүресін. Пенсияға дейін, білімді болсан да, талантты болсан да.

Іріктеу механизмі әрбір шен иесінің қандай дәрежеде екенің аңықтауға көмектеседі. Кімнің ақылды, кімнің білімді екенің бірден біле қаламыз. Мынау отличник, мынау хорошист ал мынау двойшник дегендей.

Көне заманда атам қазақта әділ, демократиялық іріктеу механизмдері бар еді, мысалы билер мен батырлар институттарында. Білімді әрі ақылды болсан дәрежен біртіндеп көтеріле берген.

1986 жылғы көтеріліс

1986 жылы Мәскеу талай жылдар бойы қазақ жерін басқарып тұрған кеменгер Дінмұхаммед Қонаевты орнынан алып Колбинді қойды.

Бұған жастар наразы боп ереуілге шықты. О кезде жастарға тегін жатақхана, тегін оқу, жоғары стипендия бар еді. Жастар пәтер ақысын қалай табамын? Оқу ақысын қалай табамын? Деп әуреленіп жүрмеген. Соңдықтан о заманның жастары ақкөңіл еді, мемлекет бізді естіп тілегімізді қабыл етеді деп алаңда тұрған.

Себебі кешегі Кеңес Одағы да осындай революцияның нәтижесінде пайда болды. Жастар мемлекет біздің тілегімізге құлақ асады, тілегімізді қабыл етеді деп ойлаған.

Колбин болса Ресейден әскер шақыртып елді қырды. Өзінің айтқаның істеді. Алаңға шыққан жастар сол жылдары оқуынан қуылды, жұмысынан айрылды, ауылға кетіп мазақ болды...

Көтеріліске бүткіл Алматының қосылмауы, о кездегі өкімет желтоқсандықтарды, бұлар бұзақылар, шпиондар, американың тыншылары деп елге телевидение, газет пен радиодан қорқытты.

Колбин көтерілісті қанмен басқандықтан триумфқа жеттім, шпиондарды құрттым, қазақты жеңдім деп алғашқы күндері шалқайып жүргенмен, ақиқат, шындық күн нұры сияқты, оны алақанмен, указбен жаба алмайсын екен. Және көсемнің абыройы айрандай бір рет төгілсе, оны кейін халық елемей, оған кейін құлақ аспайды екен.

Тоқсаныншы жылдары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кешегі жау деп танылған, шпион деп танылған желтоқсандықтар елге қаһарман, батыр боп танылды.

La Marseillaise өлеңіндегідей көтерілген жастар, елге қаһарман боп танылды:

Allons enfants de la Patrie,

Le jour de gloire est arrivé!

Contre nous de la tyrannie

Обслуживающий персонал

Шаруа жер жыртып егін ексе наның бәріміз жейміз. Немесе астығын шетелге сатып алтын мен доллар аламыз. Шаруы өзіне қожа, өзіне хан.

Әкімдердің, министрлердің, президенттің, депутаттардың, полицейлердің, әскерилердің өндіретін, экспортқа сата алатын тауары жоқ. Бұлар халыққа қызмет етіп ақы алады. Халықтың арқасында күн көреді. Бұны ұмытпасын.

Бір адам айтқандай:

"...Каждый аким должен выполнять работу полезную для народа, он должен служит ему. Он должен выполнять стратегические задачи, оговоренные в наших стратегиях быстрого роста. А не как у нас, некоторые сидят у себя в акимате как царь и бог. Чиновник слуга народа а не наоборот..."

Шен иесі елге пайдалы болуы үшін, оның жалақысын жұмыс көлеміне сай ету керек. Көп істесе көп алсын. Жалақыға қоса пайыз, процент бар болуы керек. Объемға қарай төленсін.

Мысалы, кафеге барсаңыз официант меню жайлы, дәмді тағамдар жайлы тықылдап айтып береді. Күліп қарсы алып, күліп тойдырады. Себебі оның жалақысы адамдардың ішкен тамағына байланысты. Неғұрлым көп тапсырыс берсе, соғұрлым жалақысы көп болады.

Және не келдің? Немене? Кет ары деген официантты табу қиын. Себебі оның мүддесі кафеге келген қонаққа керек тағамды ұсыну, оның ниетін орындау.

Өзім де частный фирмада істейтін обслуживающий персоналмын, сондықтан оғаш сөйлеп қойсам кешіріңіз. Митинг болғанда, атам қазақ Еділ бол да, Жайық бол дегендей кімге көмектесу керек, кімді оқ атып жатқан жерден шығару керек деген ниетпен қалада жүрдім. Өзгеге қол ұшымды берейін деген ниетпен. Бір-екеуін борандатып жатқан оқ арасына кіріп арашалып қалдым. Біреуді ренжіту, соғу менің тәніме жат нәрсе.

" ...как легко кинуть камень или ударить дубинкой, и как трудно перейти на другую сторону баррикад. Как легко говорить, и как трудно слушать. Как легко оставаться ослом и стоят на месте, и как трудно идти вперед, к своему народу. Как легко брать, и как трудно отдавать, даже чужое. И как трудно понять истину, даже там где ее нет..."

Елу жылда ел жаңа!

Желтоқсан баяғыда өткен дүние. Ол күндері оқушы болған бала, қазір немересін сүйіп отырған шал мен апа.

Шаһарымыз өсті, сол заманнан бері талай дүние өзгерді, Алматының ең бай жері ескі алаңнан, кезінде қала шеті, пригороды саналған Әл-Фарабиге ауысты. Кешегі құндылықтар бүгін ұмтылды, социализм құлап капитализм орнады.

Интернационал, пионер, комсомол, октябренок кәзір ешкімге керек емес дүние. Кешегі күні миллиондап шыққан кітаптар, бүгін, айтуға ұят болатын жерлерде. О кездің кітаптері, черно-белый, фотосы жоқ болғанына тәуір.

Баяғыда мемлекет бәрін өзі ұйымдастырса, жұмыстарға жұмыс тауып, елге пәтер салса, бұ заманда әрбір адам өз жүгін өзі көтеруге мәжбүр, пәтер мен жұмысты өзі табуы міндет.

Бұ заманның жастары өзгеше. Қазақстанда зор құрметке ие Лев Гумилевтің тілімен айтсақ пассионарлы, жігерлі, баяғы заманның сақтары, ғұндары, көне түріктері сияқты.

Басқаша айтсақ дети индиго немесе поколение зет. Мыңжылдықтар арасында туылған шоқтығы биік жастар.

Күнде инстаграмдағы байларды қарап, тиктоктағы дүниені көріп басқаша ойлайды. Оңтүстік Кореяның К-поп және басқа музыка жанрларын таниды. Музыка мен бірге солардың идеологиясын бойына сіңіреді.

Қантар айының басында қала ішінде біраз толқулар пайда болды. Елдің ереуілге шығуының негізгі себебі қымбатшылық және жалақының өспеуі. Оған қоса көп ел квартирант боп жүр, пәтер ақысы да соңғы жылдары күрт өсті. Орташа жалақы бар жоғы 240 000 тенге, тамақ пен квартирадан артпайды.

Оған қоса полиция қызметкерлерінің және әкіматтардың дәрекі қылықтары да отқа май қосқандай болды. Кешегі локдаунда ел үйде қамалып отырғанда, талай КНБ, МВД қызметкерлері тойлап отырды. Саунаға барып жүрді. Елге жазылған заң бұларға жазылмаған сияқты.

Оған қоса не суы жоқ, не тоғы жоқ кейбір ауылдардың әкімдері ауданға, облысқа бізде бәрі ойдағыдай. Жұмысты қатырып жатырмыз деп те жазады. Қағазда ғана бар сумен ел шөлін қандыра алмайды. Жетпеген газбен үйін жылыта алмайды. Сондықтан ел бұрында да жол жауып митингке шыққан.

Қалада неше түрлі топтар төртінші, бесінші күні полицияға қарсы әрекет еткенмен, негізгісі алтыншы күні еді. Алтыншы күні ереуілшілер шаһарымыздың шеткі,

кедейлеу аудандарынан орталыққа бет алды. Жол бойындағы көшелерден, таудан аққан өзенге сияқты бұған жан-жақтан асыл бұлақтардай лек-легімен жұрт қосыла берді. Бары жиналып әкіматты басып алған. Одан кейін сәл биіктеу орналасқан президенттің резиденциясының тас талқаның шығарды.

Баяғыда арман болған әкімат, президенттің резиденциясы енді қол жетімді боп қалды. Ел жиналса, бұған дейін қол жетпес дүние аяқ астында жатады екен.

Халық талай жылға созылған ұйқыдан ояңғандай болып маған көрінді. Алаңда ән ұранымыз шырқалды, көк туымыз желбіреді. Кімнің кім екенің ол күндері ажырату қиын еді. Неше түрлі адамдар, неше түрлі топтар.

Басып алғанмен, ортақ мүддесі болмағандықтан, ашу мен ызасы басылып ел үйлеріне тарала бастады. Украина мен Қырғызстандағыдай болмады. Ол күндері ел арасында, бас болатын оппозиция жоқ еді.

Жиылып семіз қабанды құлатқанмен, пайдаға жарата алмай жан-жаққа тарап кетті көк түріктің бөлтіріктері.

Қантардан кейінгі Қазақстан өзгерді, бұны бәрі біле бермесе де, бірақ бәрі дерлік сезеді, сезбегені кейін, потом біледі, когда дойдет дегендей. Өзгерістердің пайда болатынына. Баяғы заман келмесе кеткеніне бәріміз кәміл сенеміз. Солай болады да. Басқа дәуір басталды, өз геройлары, өз батырлары, өз құндылықтары өзгеше дәуір. Кешегіні пихать ететіні құрсын.

Кейбірі бұны мойындамай қалғысы да келеді, бірақ бұнысы бекер. Аспандағы айды жерге түсірсен де заман басқа, түсірмесен де басқа заман, дәуір басталды.

Ереуілдер мен көтерілістер, бір не екі қала шеңберінде болмай, бүткіл елді қамтығандықтан және мындаған адам қатысқандықтан осыны ұлт-азаттық көтеріліс дейміз.

Елдің үйлеріне тарап кетуінің басты себебі ыз еді. Ол күндері далада жүру қиын болған. Тонып кетесін. Алғашында, ышу мен ызадан қанға тараған адреналиннің есебінен тонбай жүргенмен, түбінде біртіндеп тона бастайсын.

Соңдықтан күн жылынғанда байқап жүру керек. Жазда түнімен далада жүрсен де тонбайсын.

Елмен не болады?

Қазақ елі бір көтерілсе, зор көтеріледі екен. Әскер мен полиция бұның жолын бөгей алмайды. Әзірше неше түрлі алаяқтардың өтірігіне сеніп жүргенмен,

болашақта есін жияды. Есін жиып, елін табады.

Партия құрып, парламентте өз мүддесін қорғайды. Және осы жол дұрыс сияқты.

Ереуілші қайтыс болса қазақстандық жылайды,

Полицей қайтыс болса да қазақстандық жылайды.

Жалпы, қазақстандықтарды бөліп жаруға болмайды. Рас кейбір адасқан топтар да бар, бірақ бұлар да есін жиып елін табады.

Қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, татар, неміс, украин бәрі бір елдің азаматтары. Бәрін сыйлау керек, бәрін қорғау керек.

Тастан гөрі қолға қалам алу керек сияқты. Ақсақалдардан бата алып, жастар жиналып партия құрып болашақтағы сайлауға арнап саяси бағдарламаларын дайындасын.

Жастар жанашырлыққа бейім, демократиялық тенденциялар негізінде либералдық ал ағалар ескіні, талай жылдар бойы мән-мағынасын жоймаған дәстүрлерді дәріптейтін консервативтік партияны құра алады. Табиғат жанашырлары экологиялық партияны құра алады.

Неше түрлі бағыт бар, солардың барлығы жеке жеке партия құрып сенат пен парламентке өздерінің депутаттарын сайлауға дайындасын.

El final

Бұл күндері, кешегі социалистік заманның инерциясымен ел үкіметтен игілік тілейді, пәтер берсін, жер берсін, жұмыс берсін дегендей. Қазақстанның байлығы мол болғандықтан бұнысы дұрыс та шығар.

Өзім болсам өзгеге қарамай әрекет етуді жөн көремін. Атам қазақ айтқандай:

Заман түлкі болса,

тазы боп шал.

Яғни қол құсырып отырмай, дәл қазір, жастар тілімен айтсақ Right now, зор қолданысқа ие технологияларды, тәсілдерді меңгеруді жөн көріп отырмын. Мысалы бағдарламалау, жасанды интелект, веб дизайн, цифрлік дизайн және басқаларын.

Сіз де бұны біліңіз. Қазір ең жоғары жалақы осы, IT салада. Және жұмысты,

онлайн жасауға да болады екен. Кейбір компаниялар Қазақстандықтарға шетелдің жұмысын ұсынады, ауылда отырып Францияның жалақысын алуға болады екен.

Фриланс та неше түрлі жұмыс бар, мысалы орыстардың сайттарында талай заказ бар. Кейбіріне опыт та керек емес, мысалы копирайтинг, яғни текст жазу. Бір бет текст жазып 5000 тенге алуға болады.

Кейбіріне аздап оқу керек, шамамен жарты жылдай. Мысалы python, go, node js, ruby не php тілдерін меңгеру үшін. YouTube-те талай сабақтар бар.

Өзім Ruby on Rails фреймворгын ұнатам. Және бұл құралдын көмегімен бірнеше стартап жасап жатырмын. Фрейворк дегеніміз үлкен, Твиттер, Твич не Ютуб сияқты сайттарды жасау үшін керек құрал.

Ruby on Rails өзге фреймворктардан немен ерекшеленеді? Бұл құрал екі не үш қабатты кең коттедж сияқты. Яғни ваннасы, джакузиі, кионтеатры, асханасы, қонақ бөлмесі бар үлкен, жайлы үй сияқты. Сондықтан ғой осы құралды Америкада, Кремний алқабында, стартаптар жасау үшін кеңінен пайдаланады.

Photoshop, Corel Draw, Adobe Illustrator сияқты графикалық редакторларды да меңгеру қиын емес. О жерде бәрі визуалды. Осыны меңгеріп тәуір дизайнер бола аласыз. Кейін фриланстан заказ алып өз напақанды, өздеріңіз таба аласыз.

Қош бол бауырым, қош бол досым, енді оқты борандатып, гранат жарылып жатқан жерде емес, мереке күндері кездесейік! Бір-біріміздің күнәләрімізді, қазіргі айқау-шу басылған кезде, өз-Наурызда кешірейік. Түбінде, алаңға шыққан да көбінесе қазақ, полицейлердің көбі де қазақ. Қазақ, қазақты не үшін қырады? Қазақ түгіл, қазақстандықтардын бәрі бір ел.

Одан гөрі жиылып мереке күндерін бірге тойламайық па? Біріміз, бірімізді сыйлап, құрметтеп!